

Ерейментау аудандық мәслихат шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2022 жылғы 16 наурыздағы № 7С-23/12-22 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 наурызда № 27285 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Ерейментау аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ерейментау аудандық мәслихатының "Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын Ерейментау ауданының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы" 2018 жылғы 13 наурыздағы № 6С-21/5-18 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6494 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ерейментау аудандық
мәслихатының хатшысы*

М.Абжиков